

М.І.Әбдуов, Т.Б.Қазбеков

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: zamirra\_e@mail.ru)*

### **Алаштың жиырма жыр алыптарының құрметіне арналған құнды зерттеу**

Қазақ әдебиетінің қайсыбір кезеңі болмасын бәрі де белгілі тарихи-әлеуметтік жағдайларға байланысты дамитындығы айтылған. Ол өз кезеңі ұсынған басты мәселелерге үн қосып, өмірдің өзекті сұрақтарына жауап беруге атсалысқандығы көрсетілген. Екі томдықтың бірінші кітабында кезінде аты қазаққа мәлім болған Бұқар жыраудан бастап Ақан серіге дейінгі белгілі ақын-жыраулардың әдеби мұрасы келтірілгені көрсетілген. XVIII ғасырдың аяғы — XIX ғасырдың басындағы қазақ поэзиясының белгілі он тұлғасының шығармашылық жолдары ақындық қарымы және туындыларының тарихы баян етілген. Екінші кітапта XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың алғашқы жартысындағы ұлы Абайдан бастап Мұқағали Мақатаевқа дейінгі қазақ ақындарының әдеби мұрасы зерттелген.

*Кілт сөздер:* поэзия, ақын, жырау, жыр алыбы, сері, сал, әлеуметтік жағдай, ақындық қарым, әдеби мұра, тарихи туындылар, шығармашылық әлеует.

Қазақстанды XVIII ғасырдың аяғы — XIX ғасырдың алғашқы жартысында ғана ашқан еуропа ғалымдары сақарада өздері мүлде күтпеген жайттарға ұшырасты. Мұның ең бастысы — көшпенділердің рухани өміріне қатысты еді. Әуелде «жабайыларға» жоғарыдан қарап, олардың сөз өнерінен махрұм еместігінің өзін үлкен жетістікке балаған саяхатшылар мен этнографтардың көп ұзамай қазақ халқының ақындық дарынына бас июіне тура келген. Бұл ретте белгілі ғалым Рашид Әл-Каренидің (Кареновтың) екі томдық «Алаштың жиырма жыр алыптары» атты кітабын алдымен атап өту парыз. Ол кітаптың құндылығы — есімдері ел арасында кең тараған жиырма ақын-жыраулардың шығармашылық жолы, қаламгерлік қуаты және туындыларының тарихы тың тұрғыдан баян етілуінде. Кітаптың қызығушылық туғызатын тағы бір тұсы — осынау жиырма жыр алыптарының өмір сүрген кездеріндегі тарихи оқиғалар, олардың өздері және замандастары жайлы соны деректердің алғаш рет жұртшылық назарына ұсынылуында.

Қос томдықтың бірінші кітабында есімдері үш жүзге кеңінен мәлім болған Бұқар жыраудан бастап Ақан серіге дейінгі белгілі ақын-жыраулар мұрасы қамтылған.

Екінші томда қалың елі қазағының өнерлі жұрттың қатарына қосылуын армандаған кемеңгер Абайдан бастап дүйім дүниеге танылған Мұқағалиге дейінгі ұлы ақындардың мұрасы жайлы деректер жеткілікті дәрежеде терең талданып кең көлемде қарастырып жазылған.

Екі кітапқа да ортақ алғы сөзде қазақ әдебиетінің қай кезеңі болмасын бәрі де белгілі тарихи әлеуметтік жағдайларға байланысты дамитындығы көрсетіліп, әр дәуірдің әдебиеті өз кезеңі ұсынған басты мәселелерге үн қосып, өмірдің өзекті сұрақтарына жауап беруге атсалысып отыратындығы пайымдалған. Мысалы, XVIII ғасырда өмір кешкен суырыпсалма ақындар мен шешен би, жыраулар шығармашылығы да өз замананының келелі мәселелері бағытында бой көрсеткені айтылған.

\* Әл-Карени Р.С. (Каренов). Алаштың жиырма жыр алыптары: Екі томдық. — I-кіт. — Қарағанды: Қазақстан-Ресей университеті баспасы, 2012. — 470 б.

Әл-Карени Р.С. (Каренов). Алаштың жиырма жыр алыптары: Екі томдық. — II-кіт. — Қарағанды: Қазақстан-Ресей университеті баспасы, 2013. — 400 б.

XVIII ғасырдағы қазақ әдебиетінің ең көрнекті өкілі — Бұқар жыраудың бүкіл қазақ халқының басын біріктірген, басқыншы жауларға үлкен тойтарыстар берген батыл, дарынды хан. Абылайдың басты кеңесшісі болып, оның саясатын қолдаған, өз шығармаларында Абылайды қайтпас батыр, ел қамын жеген көреген көсем ретінде бейнелегені жоғары пафоспен паш етілген. Оның басты себебі, Бұқар бабамыздың қазақ жырауларының ішінде өзіне дейін өмір сүрген әулие ғұламалардың руханиятын ұғынып, соның ізін жалғастырған, қазақ жырауларының ұлттық идеяларының ұлт мәдениетіндегі ізін даналығы, әулиелігі арқылы ұлы жолға айналдырған, болашаққа қарымды ұлттық идеясын қалдырған руханияты мен кісілігі өз алдына биік шың.

Кітаптың басқы тарауларында өз шығармаларында заман талаптарына жауап бере алған тарихи ұлы тұлғалар жайлы да сөз қозғалған. Расында да XIX ғасырдың бірінші жартысындағы тарихи жағдай Қазақстанның қиыр бір шетінде Махамбетті берсе, екінші бір шетінде Дулатты берді. Дулат пен Махамбет толғаулары өзінің суреттілігімен, екпінділігімен, ырғақтылығымен өзгешеленіп, толғау формасын идея жағынан да, түр жағынан да жаңартты деп баға берілген.

Өкінішке орай, Дулат шығармалары көп уақытқа дейін оқырман назарынан қағаберіс қалып келгені көрсетілген, жыраудың шығармаларын зерттеуші автор Дулаттың қазақ жырына жаңа тұрпат әкелгені, көркемдік өрнегін түрлендіргені, қазақ әдебиетінің реалистік бағытын нығайтып, көркемдік бояуын күшейткені, жазба поэзияның басы деп сипаттағаны жайлы байыпты байлам жасалған.

Кітапта автор «әр уақыт өз ақынының тудырады» деген ойдың дәлелді мысалы ретінде ұлттың рухы, қайсарлық пен жігердің, намыс пен тектіліктің ұраны, кезінде Исатай Тайманов бастаған ұлт-азаттық көтерілістің рухани көсемі болған Махамбет есімін алға тартады. Өйткені бүгінде ғұлама Абайға дейінгі қазақ поэзиясында Махамбет Өтемісұлынан асқан ақын жоқ деген шындықты әр қазақ та, бар қазақ та түгел мойындап болған. Академик Зейнолла Қабдолов жазғанындай: «Махамбет өлеңі — қазақ сөзінің қайталанбас құдіреті. Әрбір буыны мен бунағы, тармағы мен шумағы мұншалық тап-таза қорғасыннан құйылған ап-ауыр асыл сөз қазақтан басқа жер бетіндегі ешбір елдің өлең-жырында жоқ. Оның өзге тілге оңай аударылмайтыны да сондықтан» (*Қабдолов З. Ерлік пен елдіктің өшпес рухы // Егемен Қазақстан. — 2001. — 7 тамыз*).

Осы пікірді дәлелдеу үшін Махамбеттің тек бір өлеңінен («Толғау» өлеңі) ғана үзінді келтірген:

*Өлең айтып толғадым,  
Көкірегімді басарға.  
Махамбеттей мұңдыға  
Енді келер күн қайда  
Ханға құрған шатырды  
Сүңгімен түртіп ашарға?*

Осы аз ғана аумақты элегиялық күйде көрініс беретін ер арманы тағдыр талқысына мойын ұсынбағанын, тіпті әлдеқалай күн туса кешегі қаһарына бүгін қайта мінерін айқын аңғартып, поэзияға тән барлық қасиеттерді қабат қаусырып тұрғаны анық. Мұны өзге тілде дәл осы алты жолмен түсіру қиынның қиыны, бәлкім, мүмкін емес. Сондықтан жырдың әуезділігі мен ішкі серпінділігін дәл беру үшін бірер жолды «ереулі ат» етіп алудан өзге шара жоқ. Өйтпесе ой толық жетпейді, жетсе де Махамбеттің сөзі күйінде танылмайды.

Жауынгер ақынның кез келген өлеңі жас жеткіншектерді жақсы қасиеттерге баулып, жаман әдеттерден жирендіреді. Өскелең ұрпаққа ақын ел алдымен елдің дана қарияларын үлгі етеді. Қарт адамдар көпті көрген, олардың өмірден алған тәжірибесі мол. Бұлардың аталық сөздерінің, ойлы пікірлерінің, нақыл өсиеттерінің тәрбиелік мәні зор. Ондай сөздер жастардың бойында көңілге қонымды, психологиялық қасиеттердің қалыптасуына себепкер болады. Адамдақ адамды тура жолға түсіруге жәрдемдеседі. Осылайша автор жас жеткіншектерді патриоттық рухта тәрбиелеуде, оларды халқына адал қызмет етуге баулуда Махамбет өлеңдерінің маңызы жоғары екендігін көрсеткен.

Заманымыздың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов өзінің «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» деген зерттеу мақаласында: «Бақыт іздеп, ғасырлар бойына сахараны шарлап, шарқ ұрған мұңдар жолаушы — қазақ халқы бізге архитектура мен скульптураның, сурет өнерінің ескерткіштерін қалдыра алмады. Бірақ ол бізге ең асыл мұра — жыр мұрасын мирас етті. Жыршы халық, ақын халық есте жоқ ескі замандардан бастап дарыған ақындық даналығын қапысыз жұмсап, өзінің рухын ұмытылмас эпостық дастандарында, сан-сан, әр алуан түрлі жырларында белгіледі деген болатын. (*Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. — 17-т.: Мақалалар, зерттеулер. — Алматы: Жазушы, 1985. — 157-б.*)».

Демек, М.Әуезов сынды үлкен ғалымдар мен әдебиетшілер ауыз әдебиетінің мұрасын жоғары бағалаған. Аталмыш кітаптар авторының бұдан жасаған қорытындысы, бүгінгі ұрпақ халық мұрасын құм ішіндегі алтын түйіршіктеріндей іздестіріп, көздің қарашығындай сақтай білуге тиіс.

Алғашқы томның ортаңғы тарауларында автор Шөже, Орынбай, Шортанбай, Сүйінбай, Құлтума сияқты суырыпсалма ақындар бүкіл қазақ даласын өлең-жырға толтырғандығын зор мақтаныш тұта суреттеген. Олар тек туған жұртына ғана емес, сақараға ат ізін салған орыс және еуропа ғалымдары мен оқымыстыларына да кеңінен танылып, көшпенділердің ақындық өнерінің жайсаң тұлғалары ретінде мәшһүр болды. Жетісуда Сүйінбай Аронұлы өзінің отты да өткір жырларымен бұқарашыл ақын ретінде танылды. Шөже, Орынбай, Шортанбай, Сүйінбай, Құлтумалар сан алуан лироэпикалық, батырлық дастандарды жаңа ұрпақтарға табыс етті. Өздері де көптеген өлең-жырлар тудырды.

Кітап авторы ұлтымыздың әдеби-мәдени өмірінде сал-серілердің рөлі айрықша болғанын мәлімдеген. Олар бірнеше өнерді бір басына сәтті түйістіріп, тоғыстырған және олардың әрі ақын, әрі әнші-сазгер, әрі жыршы-әңгімеші, әрі орындаушы болғандығы дәріптелген.

Мезгіл тұрғысынан алып қарағанда бізге біршама жақын заманда жасаған, сондықтан есімдері сақталумен қатар, өнер туындылары, өмір кешулері де әжептәуір таныс сал-серілердің ішіндегі ең атақтылары — Біржан, Ақан және Үкілі Ыбырай.

Біржан сал қазақ рухани мәдениетінің тарихында ақын, композитор әрі әнші ретінде белгілі. Қазақ даласының әсем табиғаты, көшпендінің дарқан жаны, сыршыл сезімі мен сырбаз мінезі шебер көрініс тапқан Біржан әндері қазақ музыка өнерін жаңа сатыға көтерді. Ал оның өз шығармаларын ғана емес, өзіне дейінгі қазақ композиторлары мен музыкалық фольклор үлгілерін орындаудағы әншілік мәдениеті сақарада бағзыдан қалыптасқан әншілік дәстүрді одан әрі жетілдіре түскені туралы түйінді ой-пікір айтылған.

Қызығынан — қайғысы, дуынан — шуы басым, бірақ мәнді де мағыналы ғұмыр кешкен ақын, композитор және әнші Ақан серінің артында қалған ақындық мұрасы идеялық-тақырыптық жағынан алғанда негізінен екі топқа бөліп қарастырылған. Мұның біріншісінде (көбіне ақын өнернамасының алғашқы кезеңінде туған) Ақан жастық шақтың қуанышын қызықтайды, аңшылық, саятшылық төңірегінде жыр етеді. Ал Ақан өмірінің екінші кезеңінде жазылған шығармаларда мұң басым.

Ән сөздерін өзі шығарып отырған Ақан серінің асқақ әуенді әндері қазақ музыка мәдениетінің асыл қорына енгендігі туралы зерделі ой қорытындыланған.

Жоғарыда айтылып өткендей, қос томдықтың екінші кітабында қазақ халқының бай көркем қазынасының ұзақ та күрделі даму жолында, XIX ғасырдың екінші жартысындағы және XX ғасырдың жазба әдебиеті қомақты орын алатындығы айтылған. Бұл кезеңдегі әдебиет қайраткерлері өткен ғасырларда қалыптасып, орныққан рухани ақыл-ой ізденістерінің тәжірибесін, жетістіктерін пайдалана отырып, идеялық-көркемдік деңгейі биік асыл мұралар жасады. Жаңа тарихи жағдайларда оларды жалғастыра дамытты.

Екінші кітаптың алғашқы тарауында автор XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап әдебиетімізде жаңа бетбұрыс басталғандығын жария етеді. Бұл кезеңде Абай Құнанбаев негіздеген жаңа реалистік әдебиет бой көрсетіп, ол қазақтың төл көркем де бейнелі жазба әдебиетін кәсіби дәрежеге көтерді.

Өзінің зор талантына орай, қазақ халқының ғасырлар бойы жасалған рухани мәдениетін санасына жинақтаған, көне тәжік-парсы, шағатай-түркі поэзиясының жақсы қасиеттерін бойына сіңірген, сонымен қатар орыс және Батыс Еуропа әдебиеті мен алдыңғы қатарлы ой-пікірінен тағылым алған Абай ұлы ақын, кемеңгер ойшыл, қазақ әдебиетінің ұлы реформаторы ретінде қалыптасты.

Ойшыл Хакім Абай (Ибраһим) Құнанбаев Орта жүздің ел ұстап, билік құрған шынжыр балақ, шұбар төс ірі шонжар, шешен биінің отбасында дүниеге келіп, жұрт жиі жиналатын ортадан ауыз әдебиетінің мәйегін ерте еміп, халықтың салт-сана, әдет-ғұрпының озық дәстүрлерін бойына жастайынан сіңіріп өсті. Одан мұсылман медресесінде оқып, Шығыс әдебиетінің інжу-маржандарымен зердесін нұрландырып, жыр әлемін барлап көрді. Өз бетімен орысша да білім алып, озық ойлы орыс әдебиетінің кәусар бұлағынан сусындады. Батыс пен Шығыс мәдениетінің киелі қайнарынан қанып ішіп, ол қазақ жырын қайта түлетіп, соны сөз, сұлу суретпен байытып, сондан соқпақ салып, жаңа жазба әдебиетіміздің іргетасын қалап берді.

Осының бәрін ол сонау қатыгез заманда, керітартпа қоғамда мыңмен жалғыз алысып, жалаңаяқ, жар кешкендей омырауын жасқа бояп жүріп жүзеге асырды.

Автор қазақ кеңістігінде Абайдан кейінгі соқпақпен жүріп өз өрнегін салған дарынды суреткер тұлғаларға — Шәкәрім Құдайбердіұлына, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлына Үкілі Ыбырай Сандыбайұлына, Нарманбет Орманбетұлына арнайы тоқталып, олардың әрқайсысының шығармаларын қарастыруға бүтіндей тарау арнаған.

Абайдың дүниетаным әлемінен жалғасын тапқан Шәкәрім ой-дүниесі. Екеуінің өзіндік ерекшеліктері мол даралықтары да, стильдік айырмашылықтары да жеке дүние екені сөзсіз. Олардың дүниетанымдық көзқарастары бірлесіп, ортақтасып жататын тұстары да көп. Абайда «адамды сүйю», «Алланы сүйю», иман, адамгершілік мәселелері сөз болатын болса, Шәкәрімде бұлардың барлығы өз жалғасын тауып жатады.

Абай дәстүрінен үлгі алған Шәкәрім шығармашылығының тынысы кең, көтерген проблемаларының да ауқымы үлкен.

Оның сопылық мақамдағы өлеңдері қазақ поэзиясына жаңа ұғым, небір жаңа ойлау жүйесін, жаңа терминдер енгізіп, қазақ тілінің бай табиғатын кеңейтіп, сөздік қорына өзіндік үлесін қосты. Шәкәрімнің шалқар шабытын айқындайтын тұсы да осы — «Жаратушы» адам, дін, өмір, өлім, жан, ақыл ой дүниелері.

Кітапта автор осы мәселелер төңірегінде жазылған Шәкәрім өлеңдерінің Абай дүниетаныммен үндестігін, пікір ортақтастығын шеберлікпен көрсетеді. Алайда Шәкәрім өзіндік қолтаңбасын көрсететін, ой тереңдігін, өлең өлшемінің өзгешелігін танытатын дара да тұлғалы ақын.

Автор жоғары ілтипатпен ден қойып зерттеген тағы бір ұлы тұлға — Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өлеңдерімен бірге көптеген уытты мысалдар, Шығыс үлгісіндегі бірнеше дастан жазып қалдырған. Мәшһүр Жүсіптің қазақ ауыз әдебиеті мұраларын жинаудағы еңбегі орасан зор. Бұл ретте автор оның ел аузынан көптеген батырлық, ғашықтық жырларды, тарихи жырлар мен айтыстарды, шежірелер мен аңыздарды, атақты ақындар мен жыраулар мұраларын жинап, хатқа түсіргенін көрсетеді. Абайды өзіне ұстаз тұтып, оның ағартушылық идеясы мен ақындық дәстүрін жалғастырушылардың бірі болғандығы, Абай өлеңдерін жаттап алып, ел ішіне таратқаны, Абайдың тірі кезінде оның өлеңдеріне алғаш рет талдау жасап, әділ бағасын берген Мәшһүр Жүсіп болғандығы тағы бір еске алынады.

Ол өз шығармаларында Абай сияқты сол кезде әлеуметтік топ ретінде пайда болған ел ішіндегі пысықтарды, ұлықтарға арқа сүйеген жағымпаздарды аяусыз сынады, ел бірлігін ойлап, Абай жолын берік ұстанады. Өз жазбаларында Абай туралы: «Бұл — біздің соңғы пайғамбарымыз», — деп жоғары баға береді.

Ұлы Абаймен танысып, поэзиясынан нәр алған Нарманбет ақынның өмірге, өнерге, қоғамдық-әлеуметтік жайлардағы құбылыстарға өзіндік көзқарасы қалыптасады. Қоғамдық ортаға жаңаша мән беріп, азаматтық тұрғыдан саралай бастайды. Ақынның бізге жеткен мұралары оның өз халқына қалтқысыз қызмет ету үшін тер төккен уытты азаматтық әуенін паш етеді. Өз дәуірінің көлеңкелі қайшылығын барынша әшкерлейді. Қоғамдық өмірдегі әділетсіздікті, халық басынан кешкен озбырлықты жыры арқылы жеткізеді. Сол кезді қаз-қалпында көрсетуге тырысады.

*...Аждаһаның ауызында,  
Айырылып қалдық қоныстан.  
Берекелі мизам шықпай тұр,  
Әлі бізге орыстан, —*

деп ашына айтып, патшалық отарлау саясатының бар тауқыметін кешкен халқының мұңын мұндауға ұмтылады. Кейіннен «алашшыл» ақын болып қалыптасады. Туған халқын жанымен сүйген «алашшыл» ақынның қай туындысын оқысақ та елім, жерім деген азаматтық үні айқын естіледі.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген, жан-жақты талант дарыған қазақ өнерпаздарының ең соңғы тұяғы — Үкілі Ыбырай Сандыбайұлы. Қазір қазақ музыкасының алтын қорына енген Үкілі Ыбырайдың әндері өзінің сыршылдығымен, тереңдігімен көзге түседі. Оның әндерін орындау үшін диапазоны кең, ғажайып сазды тамаша дауыс, әрі үлкен орындаушылық мәдениет керек. Үкілі Ыбырай артында қалған ақындық мұра да елеулі.

Қазақ әдебиетіндегі ең бір күрделі кезең — XX ғасырдың басы. Осы уақыт — қазақ халқы үшін жер бетінен жойылу мен тарих аренасында қалу дегендей алмағайып халді алға тартқан күрделі кезең. Бұл кезеңге орыстың отарлау саясаты шеннен асқан қысым болып жетті.

XX ғасырдың басындағы қазақ поэзиясына тән бір ерекшелік, бұл кезде қазақ ақындары тыңдаушыға арналып, ауызша тараған жырлардан тасқа басылып, қағаз бетіне түскен сөздің

артықшылығын әбден түсінген еді. Петербор, Орынбор, Қазан, Уфа, Ташкент сияқты қалалардан әр түрлі мазмұндағы қазақ кітаптары көптеп шығып жатты. Алғашқы қазақ романдары жарық көрді. Қазақша дербес газет, журналдар шыға бастады. Бұлардың беттерінде ақын, жазушылардың жаңа шығармаларымен қатар, әлеуметтік теңсіздік туралы, қазақ халқының бүгінгісі мен болашағы туралы мақалалар жарияланып тұрды. Халықтың өткеніне — тарихқа, материалдық және рухани мәдениетке ықыласы артты. Монографияға татырлық бұл зерттеу кітабында автор әдебиет тарихында орын алып тұратын сапалы күрт өзгерістерге мән берген. Дәлел ретінде 1909 жылы қазақ даласын дүр сілкіндірген үш кітап шыққандығын алға тартады. Оның бірі — Абайдың өлеңдер жинағы, екіншісі — Ахмет Байтұрсынұлының «Қырық мысалы», үшіншісі — «Оян, қазақ!» атты Міржақып Дулатұлының қазақ елінің манифесіне айналған публицистикалық-лирикалық жинағы. Жақаң еңсесі түсіп езіле бастаған қазақ халқының тарих сахнасына шыққан революциялық күрестер мен шайқастар дәуіріне дәлме-дәл келді. Болашаққа деген нық сеніммен жігерленген оның отты шығармашылығы — қазақ халқының бостандығы мен теңдігі еді. Ол ұйқыдағы ұлтты ояту үшін жан дауысымен, жарғақ құлағы жастыққа тимей еңбек етті. «Оян, қазақ!» — деп қалың ұйқыдағы қазақ даласын оятуға талпынды. «Оян, қазақ!» жинағы қазақ халқының азаттық жолындағы күресінің манифесіндей зор роль атқарған кітап болғаны ақиқат.

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінің тақырып ауқымының кеңейіп, идеялық тұрғысының биіктеп, көркемдік қасиетінің жоғарылауы, бір сөзбен айтқанда, жаңа сапаға ие болуы қазақ халқының көгінде жарық жұлдызша ағып өткен Сұлтанмахмұт Торайғыров есімімен байланысты. Кедей, кембағал ортадан шығып, өз бетімен іздену нәтижесінде терең де тиянақты білім алған ақын өзінің күрес үстінде өткен қысқа ғұмырын бір-ақ мақсатқа — туған халқына қызмет ету жолына арнады.

Сұлтанмахмұт аз жасаса да, артына қазақ әдебиетін жаңа белеске көтерген, қоғамы мәнді, әдеби кемел туындылар қалдырды. Ол қазақ әдебиетіндегі сыншыл реализм дәстүрін одан ары дамытты, қазақ поэзиясындағы әлеуметтік, ойшылдық сарынды тереңдете түсті, азаматтық лириканы бұрын болмаған биікке көтерді, қазақ романының, қазақ әдеби сынының негізін салушылардың бірі болды. Сұлтанмахмұт өнернамасы қазақ әдебиетінің өрісін кеңейтті.

Зерттеуші Рашит әл-Каренидің пікірі бойынша, қазақ поэзиясында үлкен орны бар аса талантты ақын — Мағжан. Автордың ойынша, Мағжан Жұмабаев — XX ғасырдағы аса көрнекті ақын. Ол қазақ поэзиясының өсіп-өркендеуіне зор үлес қосты. Бұл ретте оны ұлы Абаймен ғана салыстыруға болады. М.Жұмабаев шығармашылығы — бүкіл түркі тілдес халықтардың ортақ қазынасы. Сондықтан да оны түркі тектес халықтарының барлығы да өздерінің төл перзенті, төл ақыны ретінде құрметтейді.

Жалпы, М.Жұмабаевтың ақындығын сөз еткенде, Ж.Аймауытовтың айтқан мына бір пікірін есте ұстаған жөн дейді кітап авторы: «Қазақ әдебиетіне Мағжанның кіргізген жаңалығы аз емес: орыстың символизмін (бейнешілдігін) қазақшаға аударды, өлеңді күйге (музыкаға) айналдырды, дыбыстан сурет туғызды, сөзге жан бітірді, жаңа өлшеулер шығарды. Романтизмді күшейтті, тілді ұстартты» (*Мәшһүр-Жүсінов Қ. Мағжанның шеберлігі // Жұлдыз. — 1991. — № 11. — 142-б.*)

Автордың пайымдауынша, Мағжан — гауһар тас сияқты сан қырлы ақын. Іздеген адам оның поэзиясынан бәрін табады. Әсіресе Мағжанның елін, жерін, халқын сүю сезімі ерекше. Әрбір қазақ Отанды, елді, жерді сүюді Мағжаннан үйренуі керек.

Халқымыздың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов Мағжан Жұмабаевтың поэтикалық шығармашылығын жоғары бағалап, оны қазақ ақындарының арасында Абайдан кейінгі тұлға ретінде танығаны белгілі. «Мағжан — әлемдік мәдениеттегі ұлы ақын» деген Әуезов пікірі оның әлемдік әдебиеттегі орнын айқын аңғартса керек.

Мағжанның «Ертегі», «Жүсіп хан», «Қорқыт», «Токсанның тобы», «Батыр Баян» поэмалары ақынның өткені мен бүгінгіге көзқарасын бейнелейді. «Жазды күні қалада», «Шойын жол», «Айда атыңды, Сәрсен-бай!» өлеңдерінде туып-өскен ауылын, оның табиғатын, қазақ даласын суреттейді. Өткен ғасырдың 20–30-жылдары М.Жұмабаевтың осы өлеңдері жаңаға қарсы ескішіл ақын деп кінәлауға себеп болды.

Зерттеуші әл-Каренидің қазақ поэзиясында Абай дәстүрін жалғастырушылардың бірі деп бағалаған ірі тұлға — Қасым Аманжолов. Ол қалың оқырмандар жұртшылығы мен әдебиетші қауымға от сезімді, шұрайлы сөз, соны тіл, дауылды жырдың ақыны болып танылды.

Қасым өзі айтқандай, табиғаттың өзі өлеңнен құя салған жан еді. Оның өлеңдерінен табиғаттың өзіндей балалықтың, табиғаттың өзіндей даналықтың лебі есетін. Қасым көп жыл бойы тау етегінде,

бұйра бұлақтың жағасында тұрды. Қасымның кішкене үйін жасыл жапырақтар жасырып тұратын. Қарсы алдындағы қырқада көктем туысымен-ақ алуан түрлі жеміс ағаштары құлпыра тербелетін. Соның бәрі Қасым жүрегіне көл-көсір жыр болып құйылып жататын. Кейде Қасым тәкаббарлықты таудан алса, өлеңнің сан құбылып келетін сазды үндерін көкала толқынды бұлақтардан алғандай болатын. Табиғаттың тамаша құбылыстары Қасымның жыр дәптерлерінде қайтадан бір тоғысып, шебер суретшінің кестесімен кем-кетіктері түзеліп, ажарлана құлпырып, торғындай толқып, түрлене түсетін.

Қасымның ең үлкен қасиеті — ол жалған айтып жалтармайтын, өмірде де, өлеңде де шыншыл болатын. Сол шыншылдығы оны жылдар сынынан жоғары алып шықты. Қасым шындықтың қараңғы аспанды найзағайдай қақ жарып мерейі үстем болып жарқылдап шығатынын көрсетті.

Автор қазіргі қазақ поэзиясының мәселелеріне тоқталып, поэзия — адамның дүниеге, өмірге, қоршаған ортаға деген көзқарасы; ол бостандықты, еркіндікті талап ететінін байқаған.

Поэзия түрлі жағдайлардың қуат-әсерін жоққа шығармайды, бірақ оның еркіне бағынбайды. Ол арқылы адам өзінің ішкі жан дүниесінің толғанысын, пікірін білдіреді.

Осыған сәйкес, қазіргі қазақ ақындары дүниеге көзқарасын өзінше білдіреді, бірақ бәрі де өздерінің өлеңдерінде адам, сүйіспеншілік, табиғат, Отан, ана тілі сияқты дәстүрлі тақырыптарды бірдей жырлайды.

Мәселен, ақиық ақын Мұқағали Мақатаев ана тілі туралы тақырыпты одан әрі өрбітті. Ол орыс тілінің саздылығын және қазақ тілінің әуенділігін түсініп, оларды жалғастыра алды.

Мақатаев Блоктың өлеңдеріне тәнті болды, оны «орыс поэзиясының алыбы» атады. Ол Блокты қазақшаға аударды. Поэзия оны Блокпен, Шекспирмен және Уитменмен жақындастырды, олардың шығармаларын ана тіліне тамаша аударды.

Мақатаев әлемдік поэзиядан көп нәрсені үйренді, бірақ еліктеген жоқ.

*Қалқам,  
Мен Лермонтов, Пушкин де емен,  
Есенинмін демедім ешкімге мен,  
Қазақтың қара өлеңі — құдіретім,  
Онда бір сұмдық сыр бар естілмеген.*

Ол халықтан, оның аңыздарынан алғанды ғана кері қайтарамын деді.

Қазіргі таңда Мұқағали поэзиясы бүкіл қазақ даласын өлеңге орап, әнге бөлеп тамылжытып тастағандай.

Ақын қаламынан туған дүниелер ресми салтанат пен мерейлі думандарда, отбасылық тойларда, тіпті қайғылы халде де оқылатыны таңғалдырады.

Ақын да, әкім де алқалы жиында сөз алса, оның өлең шумақтарынан мысал келтіріп, әнші мен жыршы өнер көрсетуге шықса, оның сөздеріне саз арнап орындауға құштар.

Себебі Мұқағали Мақатаев — бүкіл Алаштың ақыны, халқының арда туған айрықша тұлғасы.

Сөз соңында айтарымыз, қазақтың жиырма алып ақын-жырауларының, сал-серілерінің өлең-жырларын жинақтап жарыққа шығарған көрнекті ғалым Рашит әл-Каренидің бұл еңбегін уақыт талабына жауап берер шығарма деуге болады. Бұл еңбек қазақ поэзиясының өсіп-өркендеу жолына көз жіберуге мүмкіндік береді деген ойдамыз.

М.И.Абдуов, Т.Б.Казбеков

### Ценное исследование, посвященное двадцати великим поэтам Алаша

В статье отмечено, что любой период казахской литературы развивался в соответствии со сложившимися социальными положениями, что литература всегда была готова отражать важные проблемы жизни. Указано, что в первой книге двухтомника приведено литературное наследие известных поэтов и жырау начиная от Бухар жырау до Ахана-серэ. Изложены творческий путь, литературный потенциал, а также история творческого наследия десяти известных поэтов конца XVII – начала XIX вв. Во второй книге изучены и проанализированы литературные наследия десяти видных представителей казахской поэзии второй половины XIX – начала XX вв. начиная от великого Абая до Мукағали Мақатаева.

M.I.Abduov, T.B.Kazbekov

### **Valuable research devoted *двацати* to the great poets of Alasha**

In article it is noted that any period of the Kazakh literature develops in ssovetstviya with the developed social statuses. Otmechano that literature was always ready to reflect important problems of life. It is specified that the literary heritage of known poets is given in the first book of the two-volume book and жырау beginning from Bukhar жырауа to Akhan series. The career, literary potential, and also history of a creative heritage of ten known poets of the end of XVII — the beginnings of the XIX century are stated. In the second book literary heritages of ten prominent representatives of the Kazakh poetry of the second half of the XIX century and the beginning of the XX century are studied and analyzed beginning from great Abay to Mukagali Makatayev.

Репозиторий КАРГУ